

## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 217 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қыркүйекте № 17423 болып тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң                                    е с к е р т п е с і !**

### **Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз.**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және Зтармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы, 2019 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 24 қыркүйектегі  
№ 2017 қаулысына  
қосымша

## **Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздаррында төлем агентінің қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 409 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2632 болып тіркелген, 2004 жылғы 23 қантарда "Егемен Қазақстан" газетінде № 14-15 (23653) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем агентінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Төлем агентінің қызметін жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздаррында төлем агентінің қызметін жүзеге асыру ережесінде:

жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2003 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ 409 қаулысымен  
бекітілді";

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем агентінің қызметін жүзеге асыру қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Төлем агентінің қызметін жүзеге асыру қағидалары Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар нарығында төлем агентінің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Төлем агенті туралы мәліметтер әмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде болады.";

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды);";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Төлем агенті әмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті және облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналды құнын толық төлеген жағдайда "Бағалы қағаздаррынды турали" Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары турали хабарламаны жібереді.>";

11-тармақ алып тасталсын.

2. "Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту турали" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпанды № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7554 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 339-345 (27419) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту турали";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Клиринг ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымдарындағы мониторинг, бақылау және тәуекелдерді басқару шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Осы Клиринг ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесіне, клиринг ұйымындағы тәуекелдер мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Бағалы қағаздаррынды турали" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және

тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыруға, клиринг ұйымында мониторингінің, тәуекелдерді бақылау және басқару шарттары мен талаптарын белгілеуге қойылатын талаптарды айқындайды.";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клиринг - қаржы құралдарымен мәмілелер жасау нәтижесінде клирингтік қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі";

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар";

9-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клирингтік қатысушылар, қор (тауар) биржасы, орталық депозитарий және (немесе) есеп айырысу ұйымы ұсынатын ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) клиринг ұйымының активтерін қаржы құралдарына инвестициялау";

12), 13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйі, сондай-ақ олардың клиринг ұйымының ішкі құжаттары талаптарына сәйкестігі мониторингі;

13) клирингтік қатысушылармен жұмысты ұйымдастыру тәртібін айқындау, оның ішінде дауларды қарау және шешу, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындаамаған жағдайда тиісті шаралар қолдану рәсімдерін айқындау;

14) резервтік немесе кепілдік берілген клирингтік қорларды құру және пайдалану".;

10-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клиринг ұйымының активтерін инвестициялау тәртібі";

7), 8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) клирингтік қатысушылардың клирингтік қатысушылар ретіндегі қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына және клирингтік қатысушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне мониторинг және бақылау жасаудың тәртібі мен шарттары;

8) резервтік немесе кепілдік берілген клирингтік қорларды қалыптастыру, сондай-ақ оны пайдаланудың тәртібі мен шарттары;

9) клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптар";

11-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) клиринг ұйымының директорлар кеңесінің, басқармасының, тәуекелдерді басқару жөніндегі жаупты бөлімшесінің және клиринг ұйымының клирингтік

қатысушыларға мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі бөлімшесінің өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, сондай-ақ осы органдар мен бөлімшелердің арасындағы ақпарат алмасу тәртібі;";

6) тармақшаның бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"клиингтік қатысушылар қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасасқан мәмілелер бойынша клиинг ұйымының жауапкершілігіне әкеп соғуға мүмкіндігі бар кез-келген маңызды жағдайлар туралы директорлар кеңесіне дереу есептілік беру тетігі ;

клиингтік қатысушылар тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдердің осы көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шаралар мониторингі қамтылатын, клиинг ұйымының клиингтік қатысушыларға мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі жаупты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі.";

12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Клиинг ұйымының активтерін инвестициялаудың тәртібі қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асырудың талаптары мен тәртібін, қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында қолданылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және мыналар бойынша рәсімдердің сипаттауын қамтиды:

1) клиинг ұйымының активтерін инвестиациялау саясатын әзірлеу;

2) мыналарды көздейтін инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдар дайындау:

ұсынымдар беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесін;

инвестициялық портфельдің жай-күйін талдауды жүзеге асыру тәртібін;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдары айналымының және кірістілігінің болуын, талаптарын талдауды жүзеге асыру тәртібін;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдерді талдауды жүзеге асыру тәртібін;

ұсынымдарды беруге маңызды факторлардың талдауын жүзеге асыру тәртібін;

3) инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасы, отырыстарды өткізуіндегі және қорытындыларын рәсімдеу кезеңділігі қамтылған инвестициялық шешімдерді қабылдау;

4) инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және орындау барысында клиинг ұйымдарының органдары мен бөлімшелерінің өзара іс-қимыл ету;

5) көмегі арқылы мәмілелер жасау болжанатын (осындаи бар болса) делдалмен (брокермен) өзара іс-қимыл ету процестерінің сипаттамасы қамтылған қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру, мәмілелер жасасуға бақылау, активтердің құрамы мен қозғалысын салыстырып

тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелердің ішкі есепке алуын және құжат айналымын жүргізу, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлердің тізбесі;

6) клиринг ұйымының басқармасы қаржы құралдарымен операциялар бойынша қызмет нәтижелері туралы есептілікті дайындау.

13. Клиринг ұйымы қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды қамтамасыз ету мақсатында, мыналар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін активтерді инвестициялау саясатын әзірлейді:

- 1) активтерді инвестициялаудың мақсаттары мен стратегиясы;
- 2) инвестициялау объектілерінің сипаттамасы мен тізбесі;
- 3) қаржы құралдарының түрлері бойынша активтерді инвестициялау лимиттері;
- 4) қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген талаптар мен шектеулер;
- 5) хеджирлеу құралдарының тізбесін және сипаттамасын көрсете отырып, активтерді инвестициялау портфелін хеджирлеу және әртараптандыру талаптары;
- 6) активтерді инвестициялаумен байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.

14. Клиринг ұйымының активтерін инвестициялаудың саясатын және оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды клиринг ұйымының директорлар кеңесі бекітеді.";

18-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қор (тауар) биржасының сауда жүйесінде жасалатын мәмілелер бойынша клирингті жүзеге асыру барысында клирингтік қатысуышылар мен клиринг ұйымының арасындағы мәселелерді шешу тәртібі;

5) клиринг ұйымының және клирингтік қатысуышылар, қор (тауар) биржасы, орталық депозитарийі және (немесе) өзге есеп айырысу ұйымы арасындағы ақпаратпен алмасу тәртібі мен шарттары.";

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Клирингтік қатысуышылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысуышылардың мониторингі және бақылау тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) клирингтік қатысуышылар есептерінің және олардың қаржылық жай-күйінің мониторингіне қажетті өзге ақпараттың тізбесі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты ұсыну шарттары мен мерзімдері;

3) клиринг ұйымының осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты қарау тәртібі мен мерзімдері;

4) клирингтік қатысуышылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесі;

5) клиринг ұйымының басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйі туралы жиынтық есептерді жасау және ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

6) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін клирингтік қатысушыларға қатысты шаралар қолдану тәртібі мен талаптары;

7) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылар мониторингінің жылдық жоспары;

8) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушыларды тексеру жүргізу тәртібі мен шарттары;

9) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына клирингтік қатысушылардың сәйкестігін бағалау әдістемесі;

10) клирингтік қатысушыларды тексеру нәтижелерін ресімдеу және клиринг ұйымының басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне осы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері;

11) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген клирингтік қатысушыларға қатысты шаралар қолдану тәртібі мен шарттары.

20. Клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларын және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларының және (немесе) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарының, өзге де қамтамасыз етуінің мөлшерлерін айқындау және бағалау әдістемесі;

2) клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін, клирингтік қатысушылардың клиринг ұйымының кепілдік беру қорына жарналарды төлеу, клиринг ұйымының резервтік қорын қалыптастыру тәртібі мен шарттары;

3) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорларынан төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

4) клиринг ұйымының резервтік немесе кепілдік беру қорлары активтерін:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатынrepo құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері банктердегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корпоративтік облигацияларға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы резиденттерінің квазимемлекеттік борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау тәртібі мен шарттары;

5) маржалық жарналарды төлеу үшін және (немесе) өзге де қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақшанды:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшага;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақшага;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатынrepo құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері банктердегі депозиттерге инвестициялау тәртібі мен шарттары.";

21-тармақта:

бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Клирингтік қатысуышыларға қойылатын талаптарда:";

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"3) қор (тауар) биржасының сауда-саттық жүйесінде жасалатын мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шараларын сактауға, оның ішінде осындаи мәмілелер бойынша қажетті қамтамасыз етуді қалыптастыруға қойылатын талаптар қамтылады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Клиринг ұйымының ұйымдық құрылымында негізгі функциясы клирингтік қатысуышылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнама және клиринг ұйымының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысуышылардың мониторингі мен бақылау болып табылатын бөлімше қамтылады.";

30-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше клирингтік қатысуышылардың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыратын бөлімшесімен және клиринг ұйымының құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесімен (заң бөлімшесі) бірлесе отырып клиринг ұйымының Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасының

талаптарын бұзуы, оның ішінде клиринг үйімінің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының қаржылық заңнамасы талаптарына сәйкесіздігі, клиринг үйімінің қызмет практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкесіздігі салдарынан туындайтын құқықтық тәуекелдерді реттеуді:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клирингтік қатысушылар қызметінің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында, клиринг үйімінің ішкі қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;";

44-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) клиринг үйімінің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда клиринг үйімінің қосымша кепілдік беру немесе резервтік қорларын қалыптастыру.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Клиринг үйімінің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін үйімдастыруға қойылатын талаптар клиринг үйімінің активтерін инвестициялау тәртібін айқындастырып клиринг үйімінің ішкі құжаттарында белгіленеді.";

48-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) клиринг үйімінің активтерін басқарудың, клиринг ресімдерінің, клирингтік қатысушыларға қатысты қадағалау функцияларын орындаудың және шығындар болуын айқындаудың тиімділігін тексеруді көздейтін клиринг үйімі қызметінің операциялық және қаржылық тиімділігіне;";

50-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) клирингтік қатысушыларға қатысты қадағалау ресімдерінің тиімділігін тексеру;"

;

қосымшаға сәйкес Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау бойынша есеп осы Өзгерістер енгізілетін бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді.

3. "Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мүдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 88 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7568 болып тіркелген, 2012 жылғы 1 тамызда "Егемен Қазақстан" газетінде № 442-449 (27523) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын, сондай-ақ эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат беру мерзімдерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат беру мерзімдерін бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Облигациялар ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларында, сондай-ақ эмитент пен облигациялар ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигациялар ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарда және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат ұсыну мерзімдерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат беру мерзімдері";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Облигацияларды ұстаушылар өкілінің өз функциялары мен міндеттерін орындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары, сондай-ақ эмитент пен облигацияларды ұстаушылардың өкілі арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат беру мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді және облигацияларды ұстаушылар өкілінің (бұдан әрі – өкіл) қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигацияларды (бұдан әрі – облигациялар) шығару, орналастыру айналысқа жіберу және өтеу кезінде өз функциялары мен міндеттерін, эмитент пен өкілдің арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мұдделерін білдіру туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптарды орындау тәртібін, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ Заңың

20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – уәкілетті орган) ақпарат беру мерзімдерін айқындайды.";

1-1-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банк болып табылатын эмитент өкілге Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17313 тіркелген "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды кіріс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 137 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған екінші деңгейдегі банктердің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есепті ұсынады.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Эмитент сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған, сондай-ақ Заңның 15-бабының 2-тармағында және облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген талаптарды орындауға байланысты салдарға әкеп соқтыратын жағдайлар басталған жағдайда, өкіл осы мәліметтерді алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей өкілдің эмитентпен жасалған шарт бойынша өзінің функцияларын жүзеге асыру және өзінің құқықтарын іске асыру шеңберінде қабылдайтын шараларын сипаттай отырып, бұл туралы уәкілетті органды, облигациялар ұстаушыларды және қор биржасын (егер облигациялар қор биржасының ресми тізіміне енгізілген жағдайда) хабардар етеді.";

6-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) эмитентпен жасалған шартты бұзу күнінен немесе шарттың қолданыс мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және облигациялар ұстаушыларға өзінің өкіл ретіндегі өкілеттіктерінің тоқтатылғаны туралы хабарлайды;".

4. "Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13314 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға тәуекелі – қаржы құралдары құнының қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнына әсер ететін қаржы нарықтарының талаптары өзгерген жағдайда туындастырылған салдарынан шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі;

2) бедел тәуекелі – қоғамда орталық контрагенттің қаржылық сенімділігі, көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе жалпы алғанда орталық контрагент қызметінің сипаты туралы жағымсыз пікір қалыптасуы салдарынан клиенттік базаның тарылуы, өзге де даму көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде залалдардың туындау, жоспарланған кірістердің алынбау ықтималдығы;

3) валюталық тәуекел – орталық контрагент өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылай шығындардың туындау ықтималдығы;

4) есеп айырысу ұйымы – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (төлемдерді) ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйым;

5) кепілдік беру қоры – клирингтік қатысушылардың жарналары есебінен қалыптастырылған және клирингтік қатысушыларға қызмет көрсету кезінде клиринг ұйымы (орталық контрагент) қызметінің тәуекелдерін төмендету үшін арналған қаражат;

6) кредиттік тәуекел – контрагенттің келісілген талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындастырылған залалдардың туындау ықтималдығы;

7) құқықтық тәуекел – мыналардың:

контрагенттің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сондай-ақ жасасқан шарттардың талаптарын бұзуы;

құқықтық жүйенің жетілдірілмеуі (орталық контрагент қызметінің барысында туындастырылған жекелеген мәселелерді реттеу бойынша заңнама қайшылығы, құқықтық нормалардың болмауы);

қызметті жүзеге асыру кезінде құқықтық қателер жіберу (дұрыс емес зандық консультациялар немесе құжаттарды дұрыс жасамау, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде);

орталық контрагенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда – басқа мемлекеттердің қолданылатын заңнамасының талаптарын сақтамауы;

орталық контрагенттің жасасқан шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

8) операциялық тәуекел – барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары мен жүйелері немесе сыртқы оқиғалар нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы, оның ішінде:

ақпараттық технологиялар саласындағы барабар емес стратегиялар, саясаттар және (немесе) стандарттар, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктер нәтижесінде туындаған тәуекел;

барабар емес ақпаратқа не оны тиісінше пайдаланбауға байланысты тәуекел;

бизнес-процестердің барабар емес құрылуына не ішкі құжаттар мен қағидалардың сақталуының әлсіз бақылануына байланысты тәуекел;

жауапкершілікті бөлуді, есептілік пен басқарудың құрылымын қоса алғанда, орталық контрагенттің белгісіз, барабар емес ұйымдық құрылымымен байланысты тәуекел;

қызметкерлерді тиісінше басқармаға және (немесе) орталық контрагенттің біліксіз қызметкерлеріне байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің ішкі құжаттарының заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін банк қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне, алайқтыққа байланысты тәуекел;

орталық контрагенттің операцияларына сыртқы ықпал етудің болжанбаған немесе бақыланбайтын факторларымен туындаған тәуекел;

9) орталық контрагент – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және қаржы құралын әрбір сатушы және әрбір сатып алушы үшін бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында, сондай-ақ тауар биржасында жасалатын мәмілелер бойынша тарап болатын клиринг ұйымы;

10) өтімділікті жоғалту тәуекелі – орталық контрагенттің өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде айтарлықтай шығындар шекпей орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы;

11) пайыздық тәуекел – активтер, пассивтер мен баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруі салдарынан қаржылай залалдардың туындау ықтималдығы;

12) резервтік қор – орталық контрагенттің меншікті активтері есебінен қалыптастырылған және орталық контрагент қызметінің тәуекелдерін төмендетуге арналған қаражат;

13) стресс - тестинг - орталық контрагенттің қызметіне ықпал ететін орталық контрагенттің қаржылық жағдайына ерекше болатын, бірақ ықтимал оқиғалардың әлеуетті ықпал етуді өлшеу әдістері;

14) тәуекел – күтілетін немесе болжанбаған оқиғалар орталық контрагентке, оның капиталына немесе кірістеріне жағымсыз әсер ететін ықтималдық;

15) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.";

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерді жүзеге асыру қызметін үйымдастыруға қойылатын талаптар;";

10-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) клирингтік қатысушылар, қор (тауар) биржасы, орталық депозитарий және (немесе) есеп айырысу үйымы ұсынатын ақпаратты жинау, енгізу, сақтау және тарату;";

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) орталық контрагенттің активтерін қаржы құралдарына инвестициялау;

5) резервтік немесе кепілдік беру қорларын, клирингтік қатысушылардың маржалық журналарын және өзге де қамтамасыз стуін қалыптастыру және пайдалану;";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) клирингтік қатысушылармен жұмысты үйымдастыру тәртібін айқындау, оның ішінде дауларды қарау және шешу, сондай-ақ клирингтік қатысушылардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда тиісті шаралар қолдану рәсімдерін айқындау;";

8) тармақшаның бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйінің, сондай-ақ олардың орталық контрагенттің ішкі құжаттары талаптарына сәйкестігі мониторингі;";

11-тармақта:

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орталық контрагенттің активтерін инвестиациялау тәртібі;

3) орталық контрагенттің резервтік немесе кепілдік беру қорларын қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары;";

7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) клирингтік қатысушылардың клирингтік қатысушылар ретіндегі қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының, орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына және клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне мониторинг және бақылау жасаудың шарттары мен тәртібі;

8) клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптар;";

12-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) орталық контрагенттің директорлар кеңесінің, басқармасының, тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты бөлімшесінің және орталық контрагенттің клирингтік қатысушыларға мониторинг және бақылау жүргізу бөлімшесінің өкілеттіктері мен функционалдық міндеттері, сондай-ақ осы органдар мен бөлімшелердің арасында ақпарат алмасу тәртібі;";

7) тармақшаның бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"клирингтік қатысушылар қор биржасының сауда жүйесінде жасасқан мәмілелер бойынша орталық контрагенттің жауапкершілігіне әкеп соғуға мүмкіндігі бар

кез-келген маңызды жағдайлар туралы осындай жағдайларды анықтау функцияларына кіретін бөлімшениң директорлар кеңесіне дереу есептілік беру тетігі;

клирингтік қатысуышылар тәуекелдерінің көрсеткіштері мәндерінің және тәуекелдердің осы көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндерінің өзгеруіне, сондай-ақ тәуекелдер көрсеткіштерінің мәндері тәуекелдер көрсеткіштерінің жол берілетін ең жоғары мәндеріне сәйкес келмеген жағдайда тәуекелдерді азайту мақсатында қабылданатын шараларға мониторинг жасау қамтылатын, орталық контрагенттің клирингтік қатысуышыларға мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі жауапты бөлімшесі жүргізетін тәуекелдер мониторингі. ";

13, 14, 15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Орталық контрагенттің активтерін инвестициялаудың тәртібі қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін, қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру барысында қолданылатын құжаттардың үлгі нысандарын белгілейді және мыналар бойынша рәсімдердің сипаттауын қамтиды:

1) орталық контрагенттің активтерін инвестиациялау саясатын әзірлеу;

2) мыналарды көздейтін орталық контрагенттің активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін ұсынымдар дайындау:

ұсынымдар беруге уәкілетті тұлғалар лауазымдарының тізбесі;

инвестициялық портфельдің жай-күйін талдауды жүзеге асыру тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдары айналымының және кірістілігінің болуын талдауды жүзеге асыру тәртібі;

инвестициялауды жүзеге асыру болжанатын қаржы құралдарымен байланысты тәуекелдерді талдауды жүзеге асыру тәртібі;

ұсынымдарды беру үшін маңызды факторлардың талдауын жүзеге асыру тәртібі;

3) инвестициялық комитет жұмысының сипаттамасы, отырыстарды өткізу дің және рәсімдеудің кезеңділігі болатын орталық контрагенттің активтеріне қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау;

4) инвестициялық шешімдерді дайындау, қабылдау және орындау барысында, оның ішінде орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыру және орталық контрагенттің активтерін инвестиациялау арасындағы мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын басқару бөлігінде орталық контрагенттің органдары мен бөлімшелерінің өзара іс-қимыл ету;

5) көмегі арқылы мәмілелер жасау болжанатын (осындай бар болса) делдалмен (брокермен) өзара іс-қимыл ету процестерінің сипаттамасы бар қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, мәмілелер жасасуға бақылау, активтердің құрамы мен қозғалысын салыстырып тексеруді жүзеге асыру, жасалған мәмілелердің ішкі есепке алуын және құжат айналымын жүргізу, сондай-ақ қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлердің тізбесі;

6) орталық контрагенттің басқармасы қаржы құралдарымен операциялар бойынша қызмет нәтижелері туралы есептілікті дайындау.

14. Орталық контрагенттің қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуды қамтамасыз ету мақсатында, мыналар кіретін, бірақ олармен шектелмейтін активтерді инвестициялау саясаты әзірленеді:

- 1) активтерді инвестициялау мақсаты мен стратегиясы;
- 2) активтерді инвестициялау объектілерінің сипаттамасы мен тізбесі;
- 3) қаржы құралдарының түрлөрі бойынша активтерді инвестициялау лимиттері;
- 4) қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген шарттар мен шектеулер;
- 5) хеджирлеу құралдарының тізбесі мен сипаттамасын көрсете отырып, активтерді хеджирлеу және әртараптандыру шарттары;
- 6) активтерді инвестициялауға байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат.

15. Орталық контрагенттің активтерін инвестициялау саясатын және оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды орталық контрагенттің директорлар кеңесі бекітеді.

16. Резервтік немесе кепілдік беру қорларын, клирингтік қатысуышылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін қалыптастыру, сондай-ақ пайдалану тәртібі мен шарттары мыналарды қамтиды:

1) орталық контрагенттің резервтік немесе кепілдік беру қорларының, клирингтік қатысуышылардың маржалық жарналарының және өзге де қамтамасыз етуінің мөлшерлерін айқындау және бағалау әдістемесі;

2) клирингтік қатысуышылардың маржалық жарналарын және өзге де қамтамасыз етуін, клирингтік қатысуышылардың орталық контрагенттің кепілдік беру қорына жарналарды төлеу, орталық контрагенттің резервтік қорын қалыптастыру тәртібі мен шарттары;

3) орталық контрагенттің резервтік немесе кепілдік беру қорларынан төлемдерді жүзеге асыру тәртібі мен шарттары;

4) орталық контрагенттің резервтік немесе кепілдік беру қорларының активтерін:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" тәмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшаға;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+" тәмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақшаға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатынrepo құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінде депозиттерге;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корпоративтік облигацияларға (оның ішінде купондық халықаралық облигацияларға);

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB+" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы резиденттерінің квазимемлекеттік борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау тәртібі мен шарттары;

5) маржалық журналарды төлеу үшін және (немесе) өзге де қамтамасыз ету ретінде енгізілген ақшаны:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттағы немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамында ашылған банк шотындағы ақшага;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар корреспондент шетелдік банктердің шоттарындағы ақшага;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B+" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақшага;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA" төмен емес ұзақмерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің

халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік облигацияларына;

"автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо құралдарына;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді халықаралық рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері банктердегі депозиттерге инвестициялау тәртібі мен шарттары.

17. Қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар орталық контрагенттің функцияларын жүзеге асыратын тұлғалардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленеді.

18. Орталық контрагент әрбір нарық бойынша қалыптастыратын клиринг ұйымының клирингтік (кепілдік беру және резервтік) қорларының жиынтық мөлшерін орталық контрагент олардың мөлшерін клирингке екі қатысуышының міндеттемелерін көрсетілген міндеттемелердің ең көп көлемімен орынданаған жағдайда, орталық контрагенттің әлеуетті зияндары мөлшерінен төмен емес деңгейде ұстап тұру қажеттілігін ескере отырып айқындалады.

Орталық контрагент клирингтік (кепілдік беру және резервтік) қорларын құрайтын ақшаны, клирингтік қатысуышылардың маржалық жарналарын және ақшасын орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес орналастырады.

Орталық контрагент қатысуышылардың позицияларын ағымдағы нарықтық құны бойынша бағалайды және ағымдағы тәуекелдердің жинақталуын шектеу үшін кемінде құніне бір рет клирингтік қатысуышылардан маржалық қамтамасыз етуді алады.

Клиринг ұйымының клирингтік қатысуышылардың қамтамасыз ету мөлшеріне қоятын талаптары кемінде тоғыз пайыз сенімділік деңгейіне сәйкес келетін ықтималдылыққа жол бере отырып айқындалады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Клирингтік қатысуышылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына, клирингтік қатысуышылардың қаржылық жай-күйіне қойылатын талаптарға сәйкестігі мәніне клирингтік қатысуышылардың мониторингі мен бақылау тәртібі және шарттары мыналарды қамтиды:

1) клирингтік қатысуышылар есептерінің және олардың қаржылық жай-күйінің мониторингі үшін қажетті өзге ақпараттың тізбесі;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты ұсыну шарттары мен мерзімдері;

3) орталық контрагенттің осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген есептерді және өзге ақпаратты қарау тәртібі мен мерзімдері;

- 4) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйін бағалау әдістемесі;
- 5) орталық контрагенттің басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйі туралы жиынтық есептерді жасау және ұсыну тәртібі мен мерзімдері;
- 6) клирингтік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін клирингтік қатысушыға қатысты шаралар қолдану тәртібі мен шарттары;
- 7) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылар мониторингінің жылдық жоспары;
- 8) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушыларды тексеру жүргізу тәртібі мен шарттары;
- 9) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына клирингтік қатысушылардың сәйкестігін бағалау әдістемесі;
- 10) клирингтік қатысушыларды тексеру нәтижелерін ресімдеу және клиринг үйымының басшы қызметкерлері мен бөлімшелеріне осы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері;
- 11) клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына сәкес келмеген клирингтік қатысушыға қатысты шараларды қолдану тәртібі мен шарттары.";
- 23-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- "23. Клирингтік қатысушыларға қойылатын талаптарда:";
- 28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
- "28. Орталық контрагенттің үйымдық құрылымында негізгі функциясы клирингтік қатысушылар ретінде олардың қызметінің тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы және орталық контрагенттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігі мәніне клирингтік қатысушылардың мониторингі мен бақылау болып табылатын бөлімше қамтылады.";
- 31-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
- "31. Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше клирингтік қатысушылардың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыратын бөлімшесімен және орталық контрагенттің құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесімен (заң бөлімшесі) бірлесе отырып орталық контрагенттің Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы

туралы заңнамасының талаптарын бұзуы, оның ішінде орталық контрагенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкессіздігі, орталық контрагенттің қызмет практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкессіздігі салдарынан туындастын құқықтық тәуекелдерді реттеуді:";

45-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) орталық контрагенттің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда орталық контрагенттің қосымша кепілдік беру немесе резервтік қорларын қалыптастыру.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Орталық контрагенттің активтері есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар орталық контрагенттің активтерін инвестициялау тәртібін айқындастын орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленеді.";

51-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) орталық контрагентке қатысты қадағалау рәсімдерінің тиімділігін тексеру.".

5. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сауда-саттықты ұйымдастырушының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 165 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17337 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы қаулы, осы қаулының 1-тармағының 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін отыз сегізінші және отыз тоғызыншы абзацтарын, осы қаулының 1-тармағының 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, қырқыншы, қырық бірінші, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші, елу тоғызыншы, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші және жетпіс екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.".

Өзгерістер енгізілетін

Қазақстан Республикасының

багалы қағаздар нарығы

мәселелері бойынша

нормативтік құқықтық

актілерінің тізбесіне

қосымша

Клиринг үйымының

тәуекелдерді басқару жүйесіне,

клиринг үйымындағы

тәуекелдер мониторингінің,

бакылау мен басқарудың

шарттары мен тәртібіне

қойылатын талаптарына

қосымша

"\_\_\_\_\_ " жыл үшін "\_\_\_\_\_ " (клиринг үйымының атауы)

Тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау  
бойынша есеп

№	Талаптардың тиісті абзацының, тармақшасының, тармағының нұсқауы	Талаптардың тиісті абзацының, тармақшасының, тармақтың талаптарына сәйкестігін бағалау	Анықталған кемшіліктер	Кемшіліктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар, жаупты тұлғалар мен іс-шараларды орындау мерзімі	Жаупты орындаушылар

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау:

Кестені толтыруға түсініктеме:

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау мынадай өлшемшарттардың үш балдық жүйесі бойынша жүзеге асыру қажет: талапқа сай, ішінара талапқа сай, талапқа сай емес.

1. "Талапқа сай" бағалау клиринг үйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшарттарын қандай да бір маңызды кемшіліктерсіз орындауы кезінде шығарылады.

2. "Ішінара талапқа сай" бағалау клиринг үйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты өлшемшартын сақтаудағы мүмкіндігіне қатысты маңызды күмән пайда болуына жеткілікті болып есептелмейтін кемшіліктер анықталғанда шығарылады.

3. "Талапқа сай емес" бағалау клиринг үйымы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшартын орынданамаған кезде шығарылады.

4. Егер тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жекелеген талаптар кор биржасына қатысты қолданылмайтын жағдайда, талаптың осы өлшемшартына сәйкестігін бағалау жүзеге асырылмайды және тиісті "қолданылмайды" деген жазбамен белгіленеді.

Клиринг үйімінің бірінші басшысы (не оның міндеттін орындаушы адам)

---

қолы күні

Тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің басшысы

---

қолы күні

Ішкі аудит қызметінің басшысы

---

қолы күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК